

Мемлекеттік кепілдіктер беру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы N 91 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен.

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік кепілдіктер беру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 8 қ а ң т а р д а ғ ы

N 9 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік кепілдіктер беру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу ережесі

1. Негізгі ережелер

1. Осы Мемлекеттік кепілдіктер беру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) мемлекет кепілдік беретін мемлекеттік емес қарыздардың есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаларды (бұдан әрі - инвестициялық жобалар) іріктеу тәртібін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер (бұдан әрі - мемлекеттік кепілдіктер) б е р у т ә р т і б і н а н ы қ т а й д ы .

2. "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы " Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңында, "Мемлекеттік

бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысында, "Инвестициялық жобаларды қарау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1219 қаулысында анықталған ұғымдар мен терминдер осы Ережеде қолдануға жатады.

2. Мемлекеттік кепілдіктер беру процесіне қатысушылардың өкілеттіктері және құзыреті

3. Мемлекеттік кепілдіктер беру процесі мынадай негізгі сатылардан тұратын іс-шаралар кешенін қамтиды:

- 1) инвестициялық жобаларды іріктеу;
- 2) инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру, қарау және бекіту;
- 3) мемлекеттік кепілдіктер беру.

4. Мемлекеттік кепілдіктер беру процесінің негізгі қатысушылары қарыз алушылар, салалық уәкілетті органдар, экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган, бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Әділет, Қоршаған ортаны қорғау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері, республикалық бюджет комиссиясы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қазақстанның Даму Банкі) болып табылады.

5. Қарыз алушылар:

- 1) техника-экономикалық негіздеме (бұдан әрі - ТЭН) және инвестициялық жобалардың бизнес-жоспарларын дайындауды жүзеге асырады;
- 2) осы Ережеге және мемлекеттік кепілдіктер беру процесіне қатысушылардың талаптарына сәйкес инвестициялық жобаларды қарау үшін талап етілетін құжаттаманы беруді қамтамасыз етеді.

6. Салалық уәкілетті органдар:

- 1) инвестициялық жобалардың салалық сараптамасын жүргізеді;
- 2) салалық сараптама нәтижелері бойынша тиісті қорытынды береді.

7. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган:

- 1) инвестициялық жобалардың қаржылық сараптамасын жүзеге асырады;
- 2) ықтимал кредит берушілермен мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздар беру шарттары жөнінде келіссөздер жүргізеді;
- 3) ішкі кредит келісімін жасасады;
- 4) мемлекеттік кепілдіктер береді.

8. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жоспарланған қызметті іске асыруға байланысты болуы мүмкін теріс салдардың алдын алу, жоспарланатын қызметтің оларды іске асыру туралы шешім

кабылдаудың алдындағы сатыда экологиялық талаптарға сәйкестігін бағалау және өндірістік күштерді орналастыру және дамыту салдарынан экологиялық жағдайдың болжамдалатын өзгерістерін сараптамалық бағалауды қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық жобаның мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарт жобаларының сараптамасын жүзеге асырады.

10. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган:

- 1) инвестициялық жобаларды қарау процесіне ұйымдастырылған басшылық етуді қамтамасыз етеді;
- 2) инвестициялық жобалардың, экономикалық сараптамасын жүзеге асырады;

3) мемлекет кепілдік берген қарыздарды тарту үшін несие капиталының рыногын (сыртқы немесе ішкі) анықтайды;

4) жоспарлы кезеңге арналған мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті жөніндегі ұсынысты, инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

11. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мемлекет кепілдігімен жасалатын қарыз алу шарттарының (келісімдерінің) заңды сараптамасын жүргізеді.

12. Қазақстанның Даму Банкі:

- 1) банктік сараптаманы жүзеге асырады;
- 2) инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізілген инвестициялық жобаларға қызмет көрсету жөніндегі агенттің функцияларын орындайды.

13. Республикалық бюджет комиссиясы:

- 1) жоспарлы кезеңге арналған мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитін анықтайды;
- 2) инвестициялық жобалардың тізбесін анықтайды;

3) әрбір инвестициялық жоба үшін жоспарлы кезеңге арналған мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті шегінде мемлекеттік кепілдіктің мөлшерін анықтайды.

14. Мемлекеттік кепілдіктер беру процесіне заңнамаға сәйкес өз құзыретінің бөлігінде инвестициялық жобаларды бағалауды (сараптаманы) жүргізуге уәкілеттік берілген басқа мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдар қатысады.

3. Инвестициялық жобаларды іріктеу

15. Мемлекеттік кепілдік алуға үміткер заңды тұлғалар экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға тиісті жылдың 1 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде мынадай құжаттарды қоса бере отырып, өтінім береді:

Т Э Н ;

салалық сараптаманың, қаржылық сараптаманың, Қазақстан Даму Банкінің банктік сараптамасының және заңнамаға сәйкес қажетті басқа да сараптамалардың оң қорытындысы.

16. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес құжаттары толық құрамда берілмеген өтінімдер қаралмайды.

Жоғарыда көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған өтінімдер тиісті жылы мемлекеттік кепілдік беру мән-жайына қаралмайды.

17. Осы Ереженің 15-тармағына сәйкес өтінім бергеннен кейін экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады және 2 айдың ішінде экономикалық сараптама қорытындысын дайындайды.

18. Инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасы: мемлекеттік инвестициялардың басымдықтарына жоба мақсаттарының сәйкес келуін бағалауды;

экономикалық талдауды бағалауды; инвестициялық жобаны іске асырған жағдайда, республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін салық түсімдерінің ағынын талдауды қамтитын жобаның ТЭН әзірлеу шеңберінде, осы Ережеде көзделген сараптамалар бойынша қорытындылардың негізінде жүргізілген инвестициялық жобаның экономикалық талдауын кешенді бағалау.

19. Осы Ережеде көрсетілген сараптамаларды жүргізу үшін қажетті құжаттардың тізбесін тиісті мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар анықтайды.

20. Осы Ережеде көрсетілген сараптамалардың оң қорытындысының болуы мемлекет кепілдік беретін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне инвестициялық жобаны қосу үшін міндетті шарт болып табылады.

4. Инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру, қарау және бекіту

21. Республикалық бюджет комиссиясы жоспарланғанның алдындағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде жоспарланған үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік кепілдіктер беру лимитін анықтайды.

22. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті жылдың 20 шілдесінен кешіктірмейтін мерзімде экономикалық сараптама қорытындыларының негізінде инвестициялық жобаларды қалыптастырады және жобалар бойынша экономикалық сараптама қорытындыларын қоса бере отырып, мемлекет кепілдік беретін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

23. Республикалық бюджет комиссиясы экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган ұсынған инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қараған кезде тиісті жылға арналған мемлекеттік кепілдіктер беру лимитіне кіретін бір жылға арналған инвестициялық жобалардың тізбесін анықтайды.

24. Республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру барысында экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, республикалық бюджет комиссиясының шешімі бойынша инвестициялық жобалардың тізбесін пысықтайды және әрбір инвестициялық жоба бойынша мемлекеттік кепілдіктердің сомасын қайта қ а р а й д ы .

25. Республикалық бюджет комиссиясының қарау нәтижелері бойынша мемлекет кепілдік беретін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімімен бекітіледі және жариялануға тиіс .

5. Мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру тәртібі

26. Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялық жобалар тізбесін бекіткеннен кейін және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органмен келісілген қарыз туралы шарттың (келісімнің) жобасы болған кезде бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган қарыз алушылармен және Қазақстанның Даму Банкімен ішкі кредит келісімдерін жасасады.

27. Мемлекеттік кепілдік қарыз туралы шарт (келісім), ішкі кредит келісімі жасалғаннан, сондай-ақ қарыз алушы мемлекеттік кепілдік бергені үшін алдын-ала бір жолғы төлемақы (алым) төлегеннен кейін кредит берушіге ұ с ы н ы л а д ы .

28. Мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған талаптарға сәйкес келуі тиіс.

29. Мемлекеттік кепілдіктер әрбір инвестициялық жоба бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының негізінде беріледі.

30. Кепілдік міндеттемелер нысанында берілген мемлекеттік кепілдік бір данада арнайы мемлекеттік кепілдік бланкілерінде ресімделеді.

Мемлекеттік кепілдік бланкілері қатаң есептілік бланкілері болып табылады.

31. Кепілдік туралы шарт нысанындағы мемлекеттік кепілдік екі данада р е с і м д е л е д і .

32. Банк кепілдігін беру мерзімдері мен шарттарын мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз шарттарына байланысты бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

33. Кепілдік беретін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкті

ақшалай нысанда атқаруды көздейтін банктік кепілдіктерді беруге қолданыстағы лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктің атауы бар қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган беретін тізбеден бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган анықтайды.

34. Кепілдік беретін шетел банкінің "Standard & Poor's" және "Fitch" халықаралық рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша "A" деңгейінен төмен емес және "Moody's Investors Service" рейтингтік агенттігінің жіктемесі бойынша "A2" деңгейінен төмен емес рейтингі болуы тиіс.

35. Банк кепілдігінің нысанын және оның мазмұнын бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша банк-кепілгер анықтайды.

36. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган кредит берушімен келісім бойынша мемлекеттік кепілдіктің мазмұнын және нысанын анықтайды.

37. Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша жарғылық капиталына мемлекет қатысатын қарыз алушылардың міндеттемелерін қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен реттеледі.

38. Кредит берушінің талабы бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалатын қарыз алу шарттарының (келісімдерінің) заңды қорытындысын (legal opinion) ұсынады.